ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 11 тамыз № 4360-23-00-2/1604 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының білім басқармасының Шиелі ауданы бойынша білім бөлімінің «№155 Д.Шыныбеков атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«BK Corporation» жеке кәсіпкері атауымен әрекет етуші Қажыкелді Маратұлы Яхия

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 267-4-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының білім басқармасының Шиелі ауданы бойынша білім бөлімінің «№155 Д.Шыныбеков атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «BK Corporation» жеке кәсіпкері атауымен әрекет етуші Қажыкелді Маратұлы Яхия мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «BK Corporation» жеке кәсіпкері атауымен әрекет етуші Қажыкелді Маратұлы Яхия мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «BK Corporation» жеке кәсіпкері атауымен әрекет етуші Қажыкелді Маратұлы Яхиядан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Әбілқайысқызы

көшірмесі дұрыс
Судья А.Әбілқайысқызы

Анықтама:
Шешім заңды күшіне енді «26» қыркүйек 2023 жыл.

Судья А.Әбілқайысқызы

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 17.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 26.09.2023, судья Әбілқайысқызы А., 28.09.2023